

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
2018 жылғы 23 қараша

БЕКІТІЛДІ
Адвокаттар алқаларының
республикалық конференциясы
2018 жылғы 23 қараша

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
2024 жылғы 15 қыркүйек

БЕКІТІЛДІ
Республикалық адвокаттар
алқасы Төралқасы
2023 жылғы 04 қыркүйек,
2024 жылғы 24 маусым

Адвокаттар біліктілігін арттыру СТАНДАРТТАРЫ

(Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының 2023 жылғы 04 қыркүйектегі және 2024 жылғы 24 маусымдағы шешімдерімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттары (Бұдан әрі - Стандарттар) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (Бұдан әрі - Заң) 68-бабының 3 тармағының 18-б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Адвокаттар біліктілігін арттырудың негізі - Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепіл берілген әр тұлғаның білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның 12-бабына сәйкес, заң көмегін көрсету стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде заң көмегін көрсету сапасының үздік практикаларын ендіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Заң көмегінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оны жүзеге асыруға тиісті кәсіптік даярлығы бар және өз біліктілігін кезең-кезеңімен арттырып отыратын адамдар жіберіледі.

Заңның 33-бабының 7-тармағының 13-тармақшасына сәйкес, адвокат өзінің біліктілігін ұдайы арттырып отыруға міндетті.

Заңның 43-бабының 3-тармағының 3-тармақшасына сәйкес, біліктілікті арттырудан өту мерзімін күнтізбелік отыз күннен астам уақыт дәлелсіз себеппен бұзғанда не оны өтуден бас тартқанда – бұзушылық жойылғанға дейін, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге тоқтатылады.

1. Адвокаттардың біліктілігін арттырудың мақсаты – заманауи талаптарға сәйкес теориялық білімді және тәжірибелік дағдыларды жаңарту, сондай-ақ, осыған дейін алынған білімдер мен дағдыларды онан әрі жетілдіру.

Адвокаттардың біліктілігін арттырудың міндеттері олардың білімін үздіксіз жетілдірді, сондай-ақ олардың білімін кәсіби қызметте неғұрлым тиімді қолдану үшін практикалық дағдыларды жаңарту болып табылады.

1-тармақ Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының 2024 жылғы 24 маусымдағы шешімімен (№11 хаттама) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен баяндалған

2. Адвокаттардың біліктілігін арттыру **осы стандарттардың 7-тармағында көзделген шарттар ескеріле отырып жүргізіледі.**

2-тармақ Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының 2023 жылғы 04 қыркүйектегі шешімімен (№20/30 хаттама)енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен баяндалған

3. Адвокаттың біліктілігі, адвокаттың таңдауы бойынша кәсіби, жоғарғы және жоғарғы оқу орыннан кейінгі білім беру бағдарламаларын, қосымша білім беру жөніндегі оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарымен, академиялармен, ғылыми ұйымдармен, біліктілікті арттыру институттармен, меншік нысанына және ұйымдастыру-құқықтық нысанға байланыссыз заңды тұлғалармен, заңды тұлғалардың филиалда рымен, сондай-ақ, заңды тұлғаны құрмай әрекет ететін жеке кәсіпкерлермен, аумақтық адвокаттар алқаларының және Республикалық адвокаттар алқасының жанындағы біліктілікті арттыру орталықтармен, бір немесе бірнеше біліктілікті арттыру бағдарламаларын жүзеге асыратын адвокаттар мен, аумақтық адвокаттар алқасында немесе Республикалық адвокаттар алқасында аккредиттелген біліктілікті арттыратын өзге де ұйымдарда **адвокаттардың біліктілігін арттыру тәртібіне сәйкес** жүзеге асырылады.

3-тармақ Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының 2023 жылғы 04 қыркүйектегі шешімімен (№20/30 хаттама)енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен баяндалған

4. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес адвокаттардың біліктілігін арттыру барысында жазбаша шарт жасалады.

5. Адвокаттардың біліктілігін арттыру адвокат өзі таңдап алған біліктілікті арттыру бағдарламасына бойынша жүзеге асырылады.

6. Бағдарламаның мәніне байланысты, қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді есепке ала отырып адвокаттардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген нысанда жүзеге асырылады.

7. Адвокаттардың біліктілігін арттыру ұзақтығы тиісті біліктілікті арттыру бағдарламасымен айқындалады, **бірақ үш жылда жиырма төрт сағаттан кем болмауы тиіс. Бұл ретте көрсетілген сағаттар біркелкі бөлінеді – жылына сегіз сағаттан.**

7-тармақ Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының 2023 жылғы 04 қыркүйектегі шешімімен (№20/30 хаттама)енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен баяндалған

8. Біліктілігін арттырған адвокаттарға осы Стандарттардың 1-қосымшасында белгіленген нысанға сәйкес сетификат беріледі.

9. Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының 2023 жылғы 04 қыркүйектегі және 2024 жылғы 24 маусымдағы шешімдерімен енгізілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен 2024 жылғы 15 қыркүйекте келісілген өзгерістер мен толықтырулар 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енеді.

9 тармақпен толықтырылды-Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының 2023 жылғы 04 қыркүйектегі (№20/30 хаттама) және 2024 жылғы 24 маусымдағы шешімдерімен (№11 хаттама).

Нысан

СЕРТИФИКАТ

Адвокат _____
(тегі, аты, әкесінің аты(ол бар болған жағдайда))

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттарына сәйкес 20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы «__» _____ дейінгі мерзімде ____ (_____) сағат көлемдегі адвокаттардың біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттырғандығын куәландыру ретінде осы сертификат берілген.

Осы Сертификат ____ жылдың (жылдардың) ішінде жарамды.

Басшы _____
(Т.,А.,Ә., лауазымы, ұйымның атауы) (қолы)

20 __ жылғы «__» _____ берілген

Тіркеу № _____